



БАСТАУЫШ СЫНЫП БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНЫҢ ЗИЯТКЕРЛІК ДАҒДЫЛАРЫН ТАНЫМДЫҚ ІС- ӘРЕКЕТ АРҚЫЛЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Магазова К.Б.

Е.А.Бөкетов атамдағы Қарағанды университетінің магистранты, Қарағанды, Қазақстан.

Ишанов П.З.

п.ғ.к., PhD докторы, профессор

ishanov65@mail.ru

DOI: <https://doi.org/10.5281/zenodo.15078534>

Аннотация. *Ұсынылып отырған мақалада бастауыш сынып оқушыларының зияткерлік қабілеттерін дамыту мен қалыптастыру тақырыбы әрқашан да өзекті екені белгілі, сол себепті де қазіргі заманауи білім беруде баланың ақыл-ойын дамытып, танымдық дағдыларын қалыптастыруға ықпал ететін тиімді оқу тәжірибелер зерттеледі.*

Кілт сөздері. *бастауыш сынып, танымдық іс- әрекет, зияткерлік дағдылар, интеллектуалдық таным, қалыптастыру, мұғалім, оқушылар.*

Жаңа ғасыр қоғамды қайта құру жағдайында Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы басты міндеттердің бірі – ұлттық ерекшеліктерді еске алып, жастарға білім мен тәрбие беру ісін дамыту және жетілдіруді басты мақсат етіп отыр. Жас ұрпақтарымызды еліміздің ертеңгі өмірінде білімді, білікті азамат, саналы қайраткер болып қалыптасу үшін, өмірден дұрыс жол таба білу үшін, дұрыс ой түйіп, өздігінен саналы шешім қабылдай білуге үйренуі қажет. Осы мәселені шешу үшін оқыту мазмұнында әдіс – тәсілдердің де озығын пайдалану керек. Біліммен тәрбие берудің негізі жалпы білім беретін мектептердің педагогикалық процесін жақсарту кезек күттірмей мәселе десек, бастауыш мектеп соның бастауы.

Осы мәнмәтінде, Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында: «Бүгінде білім алушыларға қажетті білім, дағдылар, тәсілдер мен құндылықтарды айқындайтын білім беру мазмұнын жетілдіру қажет» деп көрсетілген [1].

Қазіргі әлеуметтік жағдай жас ұрпақтың оқытуы мен тәрбиесіне қатысты мәселелерді ағарту саласында бірінші орынға шығарады. Әсіресе, баланың зияткерлік қабілеттерін дамуына, белгілі технологиялар негізінде зяткерлік дағдыларын қалыптастыру мен оның дмдактикалық шарттарын анықтау, пагогикалық-психологиялық теория мен практика үшін аса мәнді.



Бастауыш сынып оқушыларының зияткерлік қабілеттерін дамыту мен қалыптастыру тақырыбы әрқашан да өзекті екені белгілі, сол себепті де қазіргі заманауи білім беруде баланың ақыл-ойын дамытып, танымдық дағдыларын қалыптастыруға ықпал ететін тиімді оқу тәжірибесін мұқият зерделеу талап етіледі.

Оқушылардың танымдық белсенділігі оқу үрдісінде қалыптасады. Оқушының танымдық белсенділігі өз кезегінде қабылдау, есте сақтау, ойлау, қиялдау үрдістері мен зейіннің тұрақты күйін қажет етеді. Оқу барысында оқушының танымдық белсенділігін арттыруда олардың өз бетінше танымдық ықылас - ынтасын, шығармашылық әрекетін дамытатындай етіп ұйымдастыру қажет.

Оқушының қабылдауы, негізінен мұғалімнің сабақты жүйелі түрде жүргізуіне байланысты. Оқушылардың жаңа материалдарды қабылдауына негіз болатындай етіп даярлық жұмыстары жүргізіледі. Оқушылардың оқу - танымдық қызметін арттыру дұрыс әрі нақты әрекеттер негізінде іске асады. Оқушының өзіндік сезімдік танымы (қалауы, ынтасы, құштарлығы, әсерленуі) негізінде қабылданған білім, дағды, ептілік әлдеқайда нәтижелі әрі жемісті болады [2].

Оқушылардың оқу - танымдық іс - әрекетін белсендіруде оқу материалының маңыздылығы дәрежесіне қарай, оның құндылығын анықтай білу, сабақ беру мен оқу үрдісін ұйымдастыра білудің маңызы зор. Оқытудың мазмұнына да фактілерден, әрекет тәсілдерінен басқа оқытудың шын мазмұнымен бірге оқу үрдісінде қатысушылардың арасында ақпарат алмасу қорын құратын және оқушылардың осы мазмұнды игеруіне және оны практикада қолдануына қызмет ететін мәліметт

Бастауыш сыныптың оқу процесінде мұғалім ойын түрлерін балалардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне сәйкес түрлендіре отырып, жаңа тақырыпты өткенде, өтілген материалды қайталағанда, білімді тиянақтау және тексеру кезінде, яғни сабақтың кез келген сәтінде оқыту әдісінің құралы ретінде пайдалануға болады.

Бастауыш сынып сабақтарында ойын түрлерін пайдалану, біріншіден, оқушылардың білімін берік меңгерту құралы болса, екіншіден, балалардың сабаққа деген қызығушылығын, белсенділігін арттырып, білім сапасын көтеру болып табылады, үшіншіден оқушылардың танымдық процестерінің одан әрі дамуына көмектесіп, білім алушылардың интеллектуалдық дағдыларын қалыптастыруға жағдай жасайды.



Мысалы оқушылардың ақыл ой қабілеттерін дамыту мақсатында математика сабағын түрлендірудің маңызы зор. Таңертең тұрғанда күн дене жаттығуынан басталатынын сияқты сабақты «ой жаттығуларынан» бастау қажет:

- Жылдың жетінші айын ата.
- Бағдаршамның қай түсі жанғанда тоқтау керек?
- Мұрын адамға не үшін керек?
- Есік қандай геометриялық фигура?

Мұндай сұрақтар балалардың назарын бірден сабаққа аударып, белсенділіктерін арттырады, зейінділігін қалыптастырады. Осындай тапсырмалардан кейін нәтижесінде қоғамымызда табиғатты сүйе білетін, қайырымды, мейірімді, өзін - өзі тани алатын, байқағыш, үнемді, табиғат құндылығын түсіне білетін тұлға тәрбиеленеді.

Міне, осындай интеллектуалдық дамытуға байланысты шығармашылық тапсырмаларды қолдану барысында оқушының сабаққа деген қызығушылығы артып, дамиды.

Зерттеліп отырған мәселе бойынша жүргізілген талдаулар мынадай олшемдерді бөліп көрсетуге мүмкіндік береді:

- ғылыми және пәндік білімдерінің болуы;
- танымдық іс - әрекет тәсілдерін игеруі;
- танымдық тапсырмаларды орындауда оны жоспарлай алуы;
- танымдық іс - әрекетті ұйымдастыр білуі;
- танымдық іс - әрекеттерді орындауда ұйымдастыру амал - тәсілдерін білу және оны жаңа жағдайда пайдалану;
- танымдық тапсырмаларды орындауда оны алдын - ала болжау, нәтижесін елестету және маңыздылығына сын баға беру;

Осының бәрін ескере отырып, оқушылардың қабілеттеріне байланысты өз бетімен іздену мен қызығушылығын арттыру мақсатында берілетін тапсырмаларды оқушының деңгейін ескере отыра дұрыс ұйымдастыру:

- жеке дара тапсырма беру барысында;
- үй тапсырмасын беру барысында.

Мұндай тапсырмалар беру арқылы мұғалім қабілеті төмен оқушының интеллектуалдық дамуының жоғарылануын байқайды. Оқыту мен тәрбиенің негізгілерінің бірі ретінде баланың идеяларын қолдау арқылы оның барлық кезде міндетті түрде өзімен өзін салыстырып отыру қажет. Мысалы: «Асылбекке қара, ол қалай жақсы оқиды», деп айтпай. «Кешегіге қарағанда



бүгін сен тапсырманы жақсы орындадың», «сенің қабілетін жетеді» тағы басқа осындай мақтауларды пайдалану қажет. Бұл оқушының ішкі танымдық іс - әрекеттері мен сыртқы даулы жағдайды шешуге көмектесетін оқу - тәрбие принципі. Оқыту процесінде өзіне мақсат қойып, оны орындауға тырысады.

Ертеңгі ұрпақтың рухани байлығы, мәдениеті, саналы ұлттық ойлау қабілеті мен біліміне, іскерлігіне байланысты. Осыған орай мектептегі оқу үдерісінде оқушыларды интеллектуалдық дамыту болашақта білімді өз бетінше жинап алу қабілеттерін дамытуда жетекші рөл атқарады және пәндерді оқыту барысында көзделетін білімділік, дамытушылық, тәрбиелік міндеттерді жүзеге асыруда оқушылардың танымдық қызығушылығын дамыту және қалыптастыруда сабақта әртүрлі әдіс - тәсілдерді қолданудың тиімділігіне көз жеткізуге болады [3].

Интеллектуалдық таным қабілеті әр адамда әртүрлі, тіпті бір адамның өзінің түрлі өмір кезеңдерінде ол бірдей болмайды, себебі ойлау қабілетін дамыту мен тәрбиелеу керек. Бастауыш сынып оқушылардың оқу үлгерімі, білім сапасының жоғары болуы, соның негізінде олардың интеллектуалдық дағдыларының қалыптасуы, ең алдымен мұғалімнің өз міндетіне өз қатынасына, көз-қарасына, шеберлігіне байланысты болады. Ал мұғалім өз міндетін тек оқыту, тек түсіндіру деп түсінбей, оқушылардың танымдық іс-әрекеттер негізінде зияткерлік дағдыларын қалыптастыруда, басты роль атқарады деп негіздейміз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы. // Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы.
2. Нурахметова А. «Ойын әдістерін қолдануға студенттерді кәсіби тұрғыдан даярлау». Ұлт тағылымы 4,5- 2001 ж. 124бет.
3. Төлєнова. Ү. «Білім берудің басты құралы - ойын»// Бастауыш мектеп 4-2000 ж. 60бет.